

## Алматы қаласының рәмізін пайдалану туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімінің 1997 жылғы 31 желтоқсандағы N 828 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1998 жылғы 10 наурызда N 10 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2000 жылғы 03 шілдедегі N 655 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық Әкімшілігінің 03.07.2000 N 655 шешімімен.**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы "Алматы қаласының мәртебесі және оны одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" N 3698 Жарлығын орындау, Алматы қаласының және оның төңірегіндегі аймақтың экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуы үшін ақша қаражатын жинақтау мақсатында Алматы қаласының әкімі шешім қабылдады:

1. Заңды ұйымдардың және жеке адамдардың өздерінің фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, товарлық белгілерінде және басқаларында Алматы қаласының рәміздерін пайдаланудың тәртібі (N 1 қосымша) бекітілсін.

2. Алматы қаласының рәміздерін пайдаланғаны үшін төленетін ақының мөлшері (N 2 қосымша) бекітілсін.

3. Алматы қаласының көрнекі ақпарат және жарнама басқармасы қаланың рәмізін қолдану жөніндегі құжаттарды қабылдау және ресімдеу туралы өкілетті органы болып бекітілсін.

**Ескерту. 3 тармақ толықтырылды - Алматы қаласы Әкімінің 29.03.1999 N 295 шешімімен.**

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің орынбасары Ә.Ж. Ыбыраевқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі *В.Храпунов*  
Алматы қаласы Әкімінің  
1997 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 828 шешіміне  
N 1 қосымша

**Заңды ұйымдардың және жеке адамдардың өздерінің фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, товарлық**

## **белгілерінде және басқаларында**

### **Алматы қаласының рәміздерін пайдалануының**

#### **ТӘРТІБІ І. ЖАЛПЫ БӨЛІМ**

Осы тәртіп заңды ұйымдардың және жеке адамдардың өздерінің фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, товарлық белгілерінде және басқаларында Алматы қаласының рәміздерін пайдаланғаны үшін алынатын жиымның (салық) шарттарын және мөлшерін анықтап береді.

Алматы қаласының рәмізі - Алматы қаласының елтаңбасы 21-сайланған халық депутаттары Алматы қалалық Кеңесінің 1993 жылғы 6 шілдедегі 14-сессиясында бекітілді.

Қаланың елтаңбасы Алматы қаласының саяси, экономикалық және табиғи факторларының рәмізі болып табылады.

#### **II. Алматы қаласының рәмізін пайдаланудың тәртібі мен шарттары**

Алматы қаласының рәмізін шаруашылық қызметінің түріне (қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тыйым салынғандарынан басқалары) және меншік түріне қарамастан заңды ұйымдар және жеке адамдар олардың фирмалық атауларында, қызмет көрсету, товарлық белгілерінде Алматы қаласы рәмізінің элементтері бар болса, қоса берілген тәртіпке сәйкес ставка бойынша ақысын төлеген жағдайда, пайдаланады.

Фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, товарлық белгілерінде және басқаларында Алматы қаласының рәмізін пайдалану құқығын алуы үшін мәлімдеуші қала әкімінің уәкілетті органына келесі құжаттары тапсыруы тиіс:

1. Өтініш.

2. Заңды ұйымның тіркелуі туралы куәліктің көшірмесі.

3. Жарғылық, құрылтайшылық құжаттардың көшірмесі.

Жеке адамдар үшін - жеке куәлігі.

4. Алматы қаласының рәмізін пайдаланғаны үшін жиымды төлегені туралы түбіртек.

Алматы қаласы Әкімінің уәкілетті органы құжаттарды Алматы қалалық көркемдік кеңесінің қарауына ұсынады. Хатталуының сапасы төмен болған жағдайда, сондай-ақ тиісті талаптарға сәйкес келмесе, Алматы қалалық көркемдік кеңесі қайтадан өңдеуі үшін жазбаша хабарлай отырып, мәлімдеушіге материалдарды қайтарып беруге құқылы.

Хатталудың сапасын, Алматы қаласының елтаңбасын бейнеленуіне сәйкес, ол түрлі-түсті, болмаса ақ-қара түсті жағынан елтаңбасының эталонына дәлме-дәл

сәйкес келуі тиіс, Алматы қалалық көркемдік кеңесі анықтайды.

Алматы қаласының Көркемдік кеңесі мәселені қанағаттанарлық етіп шешсе, Алматы қаласы әкімінің уәкілетті органы мәлімдеушіні тіркейді және онымен Алматы қаласының рәмізін пайдалану үшін Шарт жасасады, төленген жиымның сомасын және қолдану мерзімін көрсете отырып рұқсат береді.

Мәлімдеуші товарлық белгілерінде Алматы қаласының рәмізін пайдаланғанда өзінің іс жүзінде өндірген өнімнің көлемі бойынша жергілікті бюджетке айына бір рет жиымның сомасын аударады.

**Ескерту. Шешім өзгертілді - Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 295 шешімімен.**

Алматы қаласының рәмізін фирмалық атауларда, қызмет көрсету белгілерінде товарлық белгілерінде және басқаларға пайдалануға рұқсат жиымды төлеген соң, бір жыл мерзімге беріледі.

Жиымды төлемейінше қаланың рәмізін заңды ұйымдардың және жеке адамдардың қызметінде пайдалануға жол берілмейді.

Мәлімдеуші қаланың рәмізін пайдаланғаны үшін жиымды жергілікті бюджетке аударады.

Тіркеуден өтпеген заңды ұйымдар, жеке адамдар Алматы қаласының рәмізін пайдалану құқығынан айырылады.

**Ескерту. Шешім өзгертілді - Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 295 шешімімен.**

### **III. Мәлімдеушінің жауапкершілігі**

Жиымды төлемей-ақ өздерінің фирмалық атауларында, қызмет көрсету белгілерінде, товарлық белгілерінде және басқаларында Алматы қаласының рәмізін өз еркімен пайдаланушы заңды ұйымдар және жеке адамдар жиымды төлеуден жалтарушы болып саналады және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тартылады.

Осы қызметті атқарудың нәтижесінде түскен табыс жергілікті бюджетке аударылуға жатады.

Жиымның төленген сомаларының уақтылы, толық және дұрыс аударылуы үшін жауапкершілік төлеушіге жүктеледі.

**Ескерту. Шешім өзгертілді - Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 295 шешімімен.**

### **IV. Бақылау және есеп**

Осы Тәртіптің сақталуын бақылауды және есебін жүргізуді Алматы қаласы Әкімінің аппараты жүзеге асырсын.

Алматы қаласы Әкімінің уәкілетті органы берілген рұқсаттар, олардың қолданылу мерзімдері, төленген сомалар туралы ақпараттарды, мәлімдеушілер туралы мәліметтерді Алматы қаласы Әкімі аппаратының Экономика комитетіне тоқсан сайын тапсырып отырады.

А л м а т ы қ а л а с ы ә к і м і н і н  
1 9 9 7 ж ы л ғ ы 3 1 ж е л т о қ с а н д а ғ ы  
N 8 2 8 ш е ш і м і н е  
N 2 қ о с ы м ш а

### **Алматы қаласының рәмізін пайдаланғаны үшін ставкалар мөлшерінің ТІЗІМІ**

Реті	Рәміздің түрі	Ставканың мөлшері
1.	Фирмалық атау	20 ең төменгі есептік көрсеткіш
2.	Қызмет көрсету белгілері	10 ең төменгі есептік көрсеткіш
3.	Товарлық белгілері	Іс жүзінде өндірген өнім құнының 2 проценті